

Малайзияның федералды аймақтар істері жөніндегі министрі Дато Зулхаснан Рафик пен Путраджайа корпорациясының президенті Тан Сри Самсудин Османның Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 188-ө
Өкімі

2006 жылғы 4 - 10 шілдеде Астана және Алматы қалаларында өтетін Малайзияның федералды аймақтар істері жөніндегі министрі Дато Зулхаснан Рафик пен Путраджайа корпорациясының президенті Тан Сри Самсудин Османның Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

қосымшаға сәйкес Малайзияның федералды аймақтар істері жөніндегі министрі Дато Зулхаснан Рафикке зайыбымен және Путраджайа корпорациясының президенті Тан Сри Самсудин Османға зайыбымен қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1019280 (бір миллион он тоғыз мың екі жүз сексен) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті делегация мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

4. Астана және Алматы қалаларының әкімдері делегацияны әуежайлардың жоғары лауазымды тұлғаларға арналған залдарында қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайларын безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Малайзияның федералды аймақтар істері жөніндегі министрі Дато Зулхаснан Рафикке зайыбымен және Путраджайа корпорациясының президенті Тан Сри Самсудин Османға зайыбымен қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Малайзияның федералды аймақтар істері жөніндегі министрі Дато Зулхаснан Рафикті зайыбымен және Путраджайа корпорациясының президенті Тан Сри Самсудин Османды зайыбымен Астана мен Алматы қалаларындағы "Риксос-Президент" және "Рахат-Палас" қонақ үйлерінде орналастыру, тамақтандыру және көліктік қызмет көрсету.

2. Баспа өнімдерін (бейждер, автокөліктерге арналған рұқсатнамалар, куверткалар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Малайзия делегациясының мүшелері үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

4. Малайзия делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

5. Малайзия делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға болатын орындарында медициналық қызмет көрсету.